

**AP09260486 «Қазақ тілінің тарихи-лингвистикалық аспектіде дамуы  
(азЗамахшари сөздігінің "Мукаддимат Аль-адаб" (XII ғ.) материалында)»**

**Өзектілігі.** Жалпы жазба ескерткіш мұралар, соның бірегейі Замахшаридың «Мукаддимат әл-әдәб» сөздігі (XII ғ.), түркі тайпаларының интеграциялық дәуіріне тиесілі болғандықтан, қазіргі бірнеше халықтың рухани да, материалдық та мұрасы. Сөздік – өз дәуірінің тілдік материалы болумен қатар қазіргі заманға сол кезеңнің идеялық мазмұны мен формасын жеткізуші, тасымалдаушы туынды. Рухани және материалдық мәдениеттер сөздіктегі тілдік бірліктер арқылы беріліп отырғандықтан, оларға лингвистикалық талдаулар жасап, ұлттық тілімізбен, қазіргі қазақ тілімен байланысы мен қарым-қатынасының деңгейін нақтылау мен анықтаудың қазір өзектілік, келешекте келелілік мән-маңызын жоғалтқан жоқ. Сондықтан да жобалық жұмыста Замахшари заманын танудың, оның өмірі мен шығармашылығын шолудың, нақты осы сөздігін талдаудың лингвофилософиялық та құндылығы бар.

**Зерттеудің мақсаты.** Замахшаридың «Мукаддимат әл-әдәб» сөздігі мен қазіргі қазақ тілін салыстырудағы *мақсат* – екі зерттеу нысанына ортақ сөздердің дыбыстық, мағыналық және грамматикалық құрылымын диахрондық және синхрондық аспектілерде салыстыру, салыстыру арқылы олардың өзіндік ерекшеліктері мен ұқсастықтарын анықтау, қазақ тіліне қатыстылық деңгейін нақтылау, салыстырудың нәтижесінде әдістемелік, теориялық және тәжірибелік негіздерін жетілдіру.

**Күтілетін нәтижелер:**

1) Шетелдік рецензияланатын ғылыми журналдарда жарияланымдардың іске асырылуы. Жоба аясында жүргізілген ғылыми зерттеулердің нәтижелері шетелдік рецензияланатын ғылыми журналдарда, яғни Arts and Humanities Citation Index индекстелетін және(немесе) Scopus базасында cite Score бойынша кемінде 35 (отыз бес) процентілі бар рецензияланатын ғылыми басылымдарда немесе 1 (бірінші) не 2 (екінші) не 3 (үшінші) квартильдерге кіретін, Web of Science халықаралық деректер базасымен индекстелетін рецензияланатын ғылыми басылымда кемінде 1 (бір) мақала («Journal of Historical Linguistics» немесе «Text and Talk» немесе талаптарға сай келетін басқа журналдарда), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті (бұдан әрі – БҒСҚК) ғылыми зерттеулердің негізгі нәтижелерін жариялауға ұсынған журналдарда кемінде 6 (алты) мақала жарияланады. Зерттеу нәтижелері бойынша мақалалар санына қойылатын талаптар конкурстық құжаттамада белгіленеді. Әрбір бап оның шеңберінде қаржыландырылған жобаның сәйкестендіруші тіркеу нөмірі және атауы туралы ақпаратты қамтуы тиіс, онда гранттық қаржыландыру көзі көрсетіледі;

2) Шетел баспаларында кітап, кітап тарауларын жариялаудың іске асырылуы. Жоба нәтижесі болып табылатын монографияның негізгі нәтижелері шетелдік басылымдарда жарияланады;

3) Қазақстан баспаларында кітап, кітап тарауларын жариялаудың іске асырылуы. Жоба аясында жүргізілген ғылыми зерттеулердің нәтижесінде сөздік (көлемі 30 баспа табақ) жарияланады;

4) Монография жариялаудың іске асырылуы. Жоба аясында жүргізілген ғылыми зерттеулердің нәтижесінде «Әз-Замахшари және оның «Мукаддимат әл-әдәб» сөздігі (XII ғ.)» атты ұжымдық монография (көлемі 20 баспа табақ) жарияланады;

5) Алынған нәтижелерді шетелдік патенттік бюроларда (еуропалық, америкалық, жапондық), басқа да қорғаныш құжаттарын патенттеу мүмкіндіктері. Алынған нәтижелерді шетелдік патенттік бюроларда (еуропалық, америкалық, жапондық), басқа да қорғаныш құжаттарын (охранные документы) патенттеу қарастырылмайды;

6) Алынған нәтижелерді патенттеу (қазақстандық немесе еуразиялық патенттік бюроларда), басқа да қорғаныш құжаттарын алу, зияткерлік меншік нысаны бойынша лицензиялық мәмле қорытындысын алу мүмкіндіктері. Алынған нәтижелерді қазақстандық

патенттік бюроларда, басқа да қорғаныш құжаттарын алу, зияткерлік меншік нысаны бойынша лицензиялық мәмле қорытындысын алу мүмкіндіктері қарастырылады;

7) Күтілетін ғылыми және әлеуметтік-экономикалық пайда. Жоба нәтижесінен күтілетін ғылыми әсері Қазақстанның лингвистикалық түркологиясында, қазақ лингвистикасының тарихына Замахшаридың жалпы шығармашылығы және сөздігінің алатын орны айқындалады. Ал әлеуметтік-экономикалық әсеріне келетін болсақ, жобаның практикалық нәтижесінің бір көрінісі болып табылатын қазақ тілінің тарихи-салыстырмалы сөздігінің электрондық және мобильді қосымшасын жасау және оның компьютерлік бағдарламаға салынуы мен интернет сайттың ашылуы ғылыми және ғылыми көпшілік қауымға ақпараттық мәліметтердің қол жетімділігін оңтайландырады;

8) Алынған ғылыми нәтижелердің қолданылуы және коммерциялануы. Замахшари өмірбаяны, оның дәуірі мен шығармашылығы және сөздігі туралы монографиялық очерктің, сонымен қатар тарихи-салыстырмалы сөздіктің электронды нұсқасы мен мобильді қосымшасы электронды жобаны іске асыру барысында ашылатын «Filolog.kz» интернет сайты арқылы қолданылады және коммерцияланады;

9) Алынған нәтижелерді мақсатты пайдалану, соның ішінде субъектілік құрам бойынша мақсатты тұтынушылар. Жобаның ғылыми нәтижелерін ғылыммен шұғылданатын жалпы білім беретін орта мектеп оқушылары, жоғары оқу орындарының студенттері мен оқытушылары, ғылыми-зерттеу институттарының ғылыми қызметкерлері және қазақ тарихына, мәдениетіне және тіліне қызығушылық танытқан көпшілік отандық, шетелдік азаматтар пайдалана алады.

10) Жобаның ғылыми нәтижелерінің ғылымның дамуына әсеріне келсек, келешекте көне, ескі және орта ғасырлардағы түркі жазба ескерткіштері мен шығармаларын қазақ тілімен салыстыру арқылы теориялық және практикалық жаңалықтар ашуға болады. Ал жоба нәтижесінде технологиялық даму дегеніміз – зерттеу материалдарының компьютерлік бағдарлама мен интернет сайтта көрініс беруі.

11) Жұмыстың нәтижелерін белсенді қолданушылардың, ғалымдар ортасына және көпшілік ішінде тарату. Жұмыс нәтижелерін әлеуетті пайдаланушылар мен ғылыми қауымдастық пен көпшілікке тарату интернет сайт арқылы және баспада жарияланған кітап күйінде жүзеге асырылады. Жоба нәтижелері Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің Білім саласын қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдар мен халықаралық конференция материалдарының жинағында мақала ретінде жарияланады. Жоба жұмысының толық нәтижесі қазақстандық баспада монография болып жарық көреді. Жоба жұмысының күтілетін нәтижелерінің әлеуметтік ықпалы, тегі бір түркі халықтарының бір-бірінің тілін үйрену, зерттеуге мүмкіндік жасалады. Ғылыми зерттеулер нәтижесін тілдерді үйренушілер және зерттеушілер қолданысына ие болады. Алынған нәтижелердің нысаналы тұтынушылары салыстырмалы грамматикасы жасалып отырған қазақ, түрік және өзбек халықтарының, сонымен қатар жалпы түркі халқы өкілдері болады.

12) Жоба нәтижесінің өнімі Қазақстандағы ғылым саласының, оның ішінде Қазақстан тарихы, қазақстандық түркітану мен қазақ тілінің тарихының дамуына елеулі үлес қосады. Олар: а) орта ғасырлардағы Хорезмшахтар дәуірі Қазақстан тарихынан тыс қалып келе жатқанмен, XI-XII ғасырлардағы қазіргі қазақ халқын құраған тайпалардың тығыз байланысы бар екендігін ескеру қажет. Оған дәйек Хорезмді негізінен қыпшақ тайпасының өкілдері билеген және Хорезм сол кезеңде Дешті қыпшақ құрамында болған, қазіргі Қазақстандағы Отырармен, Маңғыстау түбегімен саяси-мәдени, әлеуметтік-экономикалық байланыста ғана емес, білім-ғылым саласында да өте белсенді қарым-қатынаста болған;

13) Жоба тақырыбы аясында жарияланған «.әз-Замахшари және оның «Мукаддимат әл-әдәб» сөздігі» атты монографияның, «Қазақ тілінің қысқаша тарихи-салыстырмалы сөздігі» қағаз және электронды кітап ретінде баспада жарияланды.

Жобаның сапалық және сандық сипаттамаларының тікелей нәтижесі – Замахшари сөздігін қазақ тіліне аудару мен оның ғылыми очеркін монографиялық зерттеу, ал жанама нәтижесі сөздіктің ұлттық тарихымызға қатысы айқындалады.

**Зерттеу тобы.**

Жалмаханов Шапағат Шарапатұлы, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қарағанды медицина университеті. Жоба жетекшісі. ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-0227-4617>.

Жарқынбекова Шолпан Құзарқызы, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н.Гумилев ат Еуразия ұлттық университеті. Бас ғылыми қызметкер. ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-2618-1941>.

Ағабекова Жәзира Ағабекқызы, филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Назарбаев университеті. Жетекші ғылыми қызметкер. ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-2618-1941>.

Рахымберлина Сағила Әбдіғалиқызы, филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Е.А.Бөкетов ат. Қарағанды университеті. Жетекші ғылыми қызметкер. ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0001-6186-4521>.

Жалмаханова Жанар Шапағатқызы, педагогика магистрі, №1 емхана аудармашысы. Кіші ғылыми қызметкер. ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0003-4234-7611>.

#### **Қол жеткізген нәтижелер:**

- Хорезм патшалығындағы білім мен ғылым, мәдениеттің өркендеу тарихы мен Замахшаридың өмірбаяны мен шығармашылығы, филологиялық шығармашылығы жайлы мәліметтер толық жинақталды.

- Орта ғасырлардағы түркі жазба ескерткіштері жайлы тарихи әдебиеттерді зерттеліп, орта ғасырлардағы түркі жазба ескерткіштері жайлы лингвистикалық әдебиеттер толық зерделенді.

- Түркіше-орысша-қазақша сөздікті түзу мен оның қазақша, арабша бағандары түзілді.

**Үнемі пайдаланатындарға ақпарат.** Бұл ғылыми-тәжірибелік қажеттіліктің маңызы, біріншіден, Замахшари сөздігімен шектеліп қана қалмай, бірнеше жазба ескерткіштің мысалында *«Түркі лексикасының ортақ базасын жасаудың компьютерлік бағдарламамен қамтамасыз етілуі»* деген ғылыми бағдарламаны немесе бағытты іске асыруға болады. Бағдарламаның нәтижесінде ортақ базадағы түркі лексикасын бірнеше ғылымның не бір ғылымның саласында түрлі аспектілерде зерделеуге ғалымдар мен ізденушілерге инновациялық деңгейдегі жағдай жасалады. Қағаз кітап күйінде шығарып, қолдану мен пайдалануда қол жетімсіздікте отырудан құтқарады. Екіншіден, түркі жазба ескерткіштерін зерттеу тек қана лингвистикалық тұрғыдан ғана емес, басқа да гуманитарлық ғылымдар аспектілерінен, сол лингвистиканың өзінде этнолингвистикалық, психоллингвистикалық, социоллингвистикалық және когнитивтік және т.б. ізденістер жасалады. Алынатын нәтижелердің ғылым дамуына әсері, оның әлеуметтік тиімділігі деген осы.

Жоба нәтижесінің өнімі Қазақстандағы ғылым саласының, оның ішінде Қазақстан тарихы, қазақстандық түркітану мен қазақ тілінің тарихының дамуына елеулі үлес қосады. Олар: а) орта ғасырлардағы Хорезмшахтар дәуірі Қазақстан тарихынан тыс қалып келе жатқанмен, XI-XII ғасырлардағы қазіргі қазақ халқын құраған тайпалардың тығыз байланысы бар екендігін ескеру қажет. Оған дәйек Хорезмді негізінен қыпшақ тайпасының өкілдері билеген және Хорезм сол кезеңде Дешті қыпшақ құрамында болған, қазіргі Қазақстандағы Отырармен, Маңғыстау түбегімен саяси-мәдени, әлеуметтік-экономикалық байланыста ғана емес, білім-ғылым саласында да өте белсенді қарым-қатынаста болған; б) Замахшаридың XII ғасырдағы ең көлемді «Мукаддимат әл-әдәб» 4 тілді (түркіше-парсыша-арабша-монғолша) сөздігі – Қазақстан ғана емес, бұрынғы Кеңес түркітануында зерттеу нысаны болудан тыс қалып келе жатқан жазба ескерткіш. Кеңес үкіметі заманында жалпы Замахшари мұрасының зерттелмеуінің саяси-идеологиялық себептері болғандығын жоба барысында таратып баяндайтын боламыз; в) ал бұл сөздіктің қазақ филологиясы мен лингвистикалық түркітануының ғылыми айналымына түсуі қазақ тілінің тарихы мен оның лексикасын этимологиялық тұрғыларда зерделеуге мол септігін тигізеді. Қазақ тілінің орта ғасырлардан бері фонетикалық, лексикалық және грамматикалық аспектілерде динамикалық өзгеруін бағамдауға теориялық, тәжірибелік тірек болады.

### **Жоба аясындағы ғылыми жарияланымдар.**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті (бұдан былай – БҒССҚК) ғылыми зерттеулердің негізгі нәтижелерін жариялауға ұсынған 1) Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті филология сериясының 2021 жылдың №2 санына «Түркілік «от» ұғымының этимологиясы» (тел автор А.Е.Жартыбаев) атты 1 мақала, 2) Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті филология сериясының 2021 жылдың №4 санына «Түркі жазба ескерткіштері мен тілдеріне ортақ лексиканың көп мағыналылығы» атты (тел авторлар: С.Ә.Рахымберлина, С.С.Түркенова) 1 мақала, 3) «Этимологический этюд этимона «ең – самый-самый» (тел автор Ш.Қ.Жарқынбекова) // Материалы международной научной конференции «Актуальные проблемы исследования и преподавания тюркских языков и литературы». Сумгаитский госуниверситет Азербайжанской Республики, май, 2021 – С. 243-2483), 4) Түркі тілдерінің қысқаша тарихи-салыстырмалы сөздігі (Қарағанды: Тенгри ЛТД, 2021. – 288 б.).